

6. Природа и развитие первобытного общества. – М., 1969. С.201-202.

7. Хангалов М.Н. Собр. соч. Т.1. – Улан-Удэ, 1958. С.53-55.

Г. Рысбаева

Когнитивный аспект фразеологизма в культе Волка и Медведя, которые относятся к тотемизмам

В статье рассматриваются фразеологизмы, относящиеся к тотемизмам с точки зрения теории «Языковая картина мира». Речь идет о культе Волка и культе Медведя.

Rysbaeva G.

Cognitive aspects of the idiom in the cult wolf and bear, related to totemism

This article deals with idioms related to totem from the point of view of «Linguistic Map of the World» theory. The author considers Wolf cult and Bear cult.

А. А. Сатбекова,

*КазМемПУ, филология факультетінің деканы, п. г. д., профессор
Алматы қаласы Қазақстан Республикасы, e-mail satbekova@mail.ru*

ЖОБАЛАЙ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ САПАЛЫ ОҚЫТУДЫҢ СЕНІМДІ ТҰҒЫРЛАРЫ

Мемлекеттік тілді мәртебесіне сай қолданудың басты шарттарының бірі – білім беру саласында мемлекеттік тілдің сапалы оқытылуын қамтамасыз ету. Ол үшін оны зерттеудің логикалық жүйесі де жаңа парадигмаларға сай жетілдіріліп отыру заңды. Әйтсе де, қазақ тілін сапалы оқытудың қажеттілігі айқын болғанымен, көп жағдайда, оқыту әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеуде дәстүрлі жүйеден аса алмаушылық байқалады.

Мемлекеттік тілді сапалы оқыту үшін тіл үйренушілердің тіл білу деңгейлерін анықтау және соған лайық әдістер қолданудың маңыздылығы шет тілдерін, орыс тілін оқыту әдістемелерінде дәлелденген. Ал қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесінде әлі де болса теориялық ізденістер аясы шектеулі болып отыр. Ондай шектеуліктің бір себебін жаңа оқыту жүйелерінің практикалық түрде қолданысқа ене алмай отырғандығынан да іздеуіміз керек.

Қазақ тілін сапалы оқытудың маңызды ғылыми-әдіснамалық негізінің бірі – білім беру психологиясы, педагогикалық психология. Педагогикалық психологияның міндеттері оқу қызметінің барлық физиологиялық және әлеуметтік - психологиялық ерекшеліктерін ашумен, оқу материалын репродукциялаудың ерекшеліктерін анықтаумен байланысты танылады. Сондықтан тілді оқытудың антропологиялық сипатын анықтау үшін бұл екеуі өзара байланыста қатар қамтылуы қажет.

Білім берудің әлеуметтік негізі мен психологияның табиғи байланысы тереңде жатыр. Білім берудің әлеуметтік негізі мен психологияның ғылыми қағидалары қазақ тілін сапалы оқытуда да ерекше тірек бола алады.

Білім берудің әлеуметтік негізі туралы ресейлік ғалымдар В.Ф.Черноволенко [1], Н.Н. Захаров [2], С.Н. Чистякова [3], т.б. еңбектерінен мол мәлімет алуға болады. Жастардың кәсіп алу, өмірлік жолдарын таңдау мәселелері туралы қарастырған бұл еңбектерге сүйене отырып, мұғалім мамандығын таңдап отырған студенттерге қазақ тілін сапалы оқытуға байланысты негіздеме жасауға болады. Қазақ тілін сапалы оқыту деген ұғым – жалпылама қолданылатын ұғым емес. Қазақ тілін оқыту мен «сапалы оқыту» ұғымдарының арасындағы үлкен айырмашылықты тану үшін білім берудің әлеуметтік негіздемесіне жүгіну абзал.

Әлеуметтік теория тұрғысынан қарастырғанда білім, білім беру – мәдени-тарихи даму жолы болып табылады. Егер білім беру әлеуметтік-мәдениет тұрғысынан талданатын болса, онда білім беруді, білімнің өзі «құндылық» («ценность») категориясы тұрғысынан қарастырылады. Яғни «құндылық» категориясы мәдениеттің әлеуметтік қыры және білім берудің әлеуметтік негізі ретінде анықталады.

Философиялық аксиология тұрғысынан терең талданып, қарастырылып келе жатқан «құндылық» категориясының білім беру үдерісінде

де алатын орны ерекше. Құндылықтар субъектінің өмірлік қызметінің түрлі қырын танытады. Сонымен байланысты құндылықтарды экономикалық, саяси, моралдық, эстетикалық т.т. құндылықтар деп бөлу қалыптасқан. Осы құндылықтарды жасауда, қалыптастыруда, сақтауда, келер ұрпаққа мұра етіп қалдыруда өзінің аса маңызды қасиетімен танылған тәсілді де адам баласы анықтаған. Ғалымдар ол тәсілді – МӘДЕНИЕТ деп атайды.

Қазақ тілін үйрететін оқытушы қазақ тілінің лексика-грамматикалық қорында жинақталған кумулятивтік мұраны қолдана отырып, студентке бейімдеу арқылы оның құндылықтарды қабылдау әрекетін жүзеге асырады. Студент сол құндылықтар жүйесімен қарым-қатынас жасай отырып, алдымен түрлі репродуктивтік әрекеттерді орындайды.

Жобалау әдісі арқылы қазақ тілін оқыту – студенттің репродуктивтік оқу әрекеттерін біртіндеп имитациялық әрекеттерге көтеру арқылы қазақ тілінің заңдылықтарын және қазақ тілінің бай қорында жинақталған ұлттық мәдени мол мұраны студенттің ішкі құндылықтар жүйесіне енгізудің тиімді жолы деп осы негізде айтуға болады.

Негізінде, қазақ тілін өзгетілді дәрісханада білім алып жатқан студенттерге оқыту үдерісінің құрылымында үлкен орын алатын мәселе қазақ тілін оқытудың танымдық қыры екені белгілі. Ал адамның танымдық әрекетінің түпнегізінде адамдық тәжірибенің рефлексиясы тұратынын ғалымдар атап көрсетеді. Сонда танымдық әрекеттің нәтижесі танымдық тәжірибенің қорытындысы дегенге келіп саяды.

Ал студенттер жобалау әдісі арқылы қазақ тілін меңгеруі барысында тілдің құрылымдық-жүйелік заңдылықтарын ғана емес, тілдің өн бойында маржандай тұнып тұрған қазақтың ұлттық мәдениетін де сіңіре алатын үдерістен «өтеді». Соның нәтижесінде қазақ тілі – студенттің құндылықтар жүйесінен орын ала алады.

Қазақ тілін оқыту, оқу үдерісіндегі оқытушы мен студенттің өзара орындалатын қарым-қатынасын әлеуметтік-институционалдық тұлға ретінде қарастыру арқылы оқытушының жеке тұлғасы мен студенттің жеке тұлғасы, олардың әлеуметтік орындары мен «рөлдерін» кең арнада тану мүмкін болады.

Білім беру жүйесінің әлеуметтік құрылымын тануда ғалымдар екі тұрғыдан келуді ұсынады. Олардың біріншісі – білім беру са-

ласындағы әлеуметтік топтардың сипатын анықтау, яғни қоғамның макроқұрылымдық жүйесін зерттеу тұрғысынан келу.

Бұған қоса, екінші мынадай көзқарас та бар. Оның мәні білім алушы әлеуметтік топ қандай басқа әлеуметтік топтармен байланыс жасауға ұмтылыс жасап отырады? деген сұрақтарға байланысты анықталады.

Әрине, әлеуметтанушы ғалымдар білім алушы әлеуметтік топ генетикалық жағынан зиялылар қауымына (интеллигенция) жақын келетінін атап көрсетеді. Зиялы қауым (интеллигенция) әлеуметтік топ ретінде, қоғамның интеллектісінің, ақылының, білімінің, мәдени тәжірибесінің тасушысы ретінде танылатыны белгілі.

Студенттер – болашақ зиялы қауым өкілі ретінде мәдениетті терең тануға ұмтылуы керек. Соның негізінде студенттер мәдениеттің, білімнің құндылық қасиетін түсінуге, оны дамытуға, сақтауға қажетті қабілеттер мен әдістерді меңгере бастайды. Осы бағытты ұстана отырып, студенттерге өзіндік ғылыми ізденім әдістерін меңгеруге үлкен басшылық ете алатын жобалай оқыту технологиясының тиімділігі айқындалады.

Студенттің жеке тұлға ретінде қалыптасуы өзіндік табиғи мүмкіншіліктерге және оны қоршаған ортаның тигізетін ықпалына көптен-көп байланысты болғандықтан, оны қалыптастыруға және дамытуға түрлі қырынан келу керек. Бұл да – педагогикалық антропологияның маңызды бір саласы.

Осы ретте жобалай оқыту технологиясы арқылы мемлекеттік тілді меңгерту үдерісінде студенттің Қазақстан Республикасының азаматы ретінде және құндылық болып табылатын жеке тұлға ретінде қалыптасуын жоспарлауға және басқаруға болатын жолдар айқындалады.

Гуманитарлық бөлім студенттеріне қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы негізінде меңгерту барысында қолданылатын әрбір педагогикалық әдіс пен амал, тәсіл мен жол – студенттің адамдық болмысын қалауға жұмсалып жатқан кірпіш. Бұл жерде білімнің адамгершілік қасиеттерді дамыту күші, оның дидактикалық қыры мен психологиялық талаптары бір арнаға тоғысып келіп, қазақ тілінің сапалы оқытылуына бағытталады.

Қазақ тілін меңгеруші студенттердің 17-20 жас арасындағы жастар екендігін ескерсек, олардың жобалау әдісін қызығушылықпен үйреніп, сол негізде қазақ тілін өз бетімен терең

іздене меңгеруге қажетті қабілетін дамыта алатынына сенуге болады. Өйткені қазіргі кезеңдегі қазақстандық жастар нарықтық экономика билеген елде өмір сүріп жатыр, олар өз бетімен ізденген білімнің ғана тереңнен тамыр алатынын түсінеді, сондықтан өзінің ізденім қабілетінің дамуына ықпал ететін оқу әдісін де қызығушылықпен үйренуге ұмтылады.

Гуманитарлық бөлім студенттерінің адамдық құндылығын басты назарда ұстай отырып, оның адамгершілік негізде білім алуына жол ашу арқылы жобалау технологиясының да лингводидактикалық құндылығын арттыра түсуге белгілі бір дәрежеде үлес қосуға болады. Жалпы белгілі бір жүйе арқылы оқытуда оқушының немесе студенттің жеке басының адамдық қасиеттерінің жетілуін басты назарда ұстау керектігін қазақ тілін оқыту әдістемесінен ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізген ғалымдар атап көрсетеді. Мысалы, жобалай оқыту технологиясының ең басты мәні оның адами тілдік қатынасқа негізделуі болса, оның адам өміріндегі мәнін ғалым Ф.Оразбаева былай тұжырымдайды: «Тілдік қатынас – сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді» [4].

Ал тілдік қатынастың адамның ойын қозғаушы күш ретіндегі рөлі туралы Қ.Қадашева былай дейді: «Адамның ойлауы белгілі бір ойға түрткі болатын, ойды қозғайтын нәрсеге байланысты. Ой сұрақтарға байланысты қозғалысқа түседі. Тілді үйрену ақыл-ойдағы сұрақтарға жауап табуға бағытталғандықтан да үлкен мағынаға ие болады. Сондықтан да белгілі бір тақырыпты үйрету үшін, алдымен, осы тақырыпқа байланысты логикалық, танымдық сұрақтар берілуі керек. Осы сұрақтарға жауап алу мақсатында тіл үйренушінің қызығушылығын арттыру қажет. Бұл сұрақтар ойды оятушы сұрақтар түрінде берілген жөн» [5].

Студенттің педагогикалық үдеріс барысындағы негізгі іс-әрекеті оның болашақ өмірінің сенімді жолына айналуы үшін оған қа-

жет дағдыны қалыптастыратын оқыту технологиясын қолдану қажеттілігі айқындалады.

Жоғары оқу орнында жобалау технологиясы жүйесімен білім алған студенттің өз бетімен іс-әрекет ету дағдылары дұрыс қалыптасып, өмірде, кәсібінде де, жеке жағдайында да өздігінен дұрыс шешім қабылдау қабілеті саатылы түрде дамиды.

Жеке тұлға (личность) – әлеуметтік қарым-қатынастар мен саналы іс-әрекеттің біртұтасқан субъектісі. Студент – ерекше әсерленгіш және жинақылыққа бейім келетін әлеуметтік топ, жоғары білім беру мекемесінде оқитын ерекше адамдардың жиыны. И.А.Зимняяның атап көрсеткеніндей, студенттік кезде адам физикалық және психологиялық қасиеттерін барынша дамытуға күштар келеді. Осы шақтағы студенттің ерекше байқалатын қабілеті – оқып, білім алу қабілеті. Осымен де байланысты, студент үшін маңызды мәселе – оқытушылардың баяндаған білімін тыңдау ғана емес, өзі білім алуға дағдылану [6]. Сондықтан қазақ тілін оқытуда студентті білім мазмұнын жалаң жаттауға емес, әрбір жекелеген сөзді «өмірден тауып ала білетіндей» қабілетке ие ететін жобалай оқыту технологиясын қолданудың антропологиялық ерекшелігі осыдан танылады.

Қазақ тілінен сапалы білім алу – болашақ мамандардың тілдік тұлға ретінде қалыптасуына негіз қалау. Осымен байланысты, қазақ тілін оқыту барысында студент болашақ маман ретінде өзінің тұлғалық болмысын жан-жақты дамытудың, қалыптасудың сапалы әдіс-тәсілдерін үйреніп, бойына сіңіреді.

1. Черноволонко В.Ф. Престиж профессии и проблемы социально-профессиональной ориентации молодежи. – Киев: Наукова думка, 1979. – 214с.

2. Захаров Н.Н. Профессиональная ориентация школьников. – М.: Просвещение, 1988. – 269 с.

3. Чистякова С.Н. Основы профессиональной ориентации школьников / Учеб. пособие. – М.: Просвещение, 1983. – 112 с.

4. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000. – 208 б.

5. Қадашева Қ. Тілді үйренудің деңгейін бақылау мен анықтаудың жаңа түрлері // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. – 2001. – №1. – 30-35 б.

6. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. – №5.

А. А. Сатбекова

Новые подходы качественного обучения государственному языку
с применением технологии проективного обучения

В данной статье рассмотрены новые подходы качественного обучения государственному языку с применением технологии проективного обучения

A. Satbekova

New approaches to qualified teaching the state language with the use of technology of projective study

This article deals with the new approaches to qualified teaching the state language with the use of technology of projective study.

Ж. Б. Саткенова,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, қазақ филологиясы кафедрасының доценті
филология ғылымдарының кандидаты

ҰЛТТЫҚ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Когнитивтік бірліктер әлемнің тілдік бейнесін суреттейтін ерекшелігіне орай мағыналық және тақырыптық жағынан өз ішінен бірнеше топқа бірігеді. Ұлттық сипатқа ие концептінің бірі – «туған жер» концептісі. Туған жерге қатысты қолданылатын когнитивтік бірліктердің бейнелік сипаты туған жердің ішкі және сыртқы кескін-келбетін, географиялық орны мен табиғат сұлулығын бейнелейді. Олар бірліктер қазақ ұлтының ұлттық бейнесін суреттейтін ерекшеліктеріне орай мағыналық және тақырыптық жағынан өз ішінен бірнеше топқа жіктеледі. Мәселен, **«Туған жер» - Отан; кіндік кесіп, кір жуған мекен; атақоныс; атамекен; бабаларымыздың аманаты; тарих; сағыныштың символы, балалық пен жастық шақтың мекені; алтын бесік; торғын бесік; алтын ұя; алтын қазық; тұғыр; ана; ұстаз; ұлы сезім, толғаныс, шабыт берер, намысыңды қайрайтын қуатты сезім; қасиетті мекен**, т.б. Аталған тақырыптық топтардың бірнешеуіне талдау жасап көрсек. Лексикалық қорда қолданылған «туған жер» концептісінің тақырыптық-мағыналық топтарын анықтауда, міндетті түрде әлем бейнесін айқындайтын концептілік жүйеге сүйенуге тура келеді. Концептілік жүйе – концептілік құрылымдардың реттелген формасы. Белгілі тақырыптағы концептілік құрылымдар санадағы сол тақырып туралы бейнені интерпретациялайды. Мәселен туған жерге қатысты концептілік құралымдар адам санасындағы жоғарыда атап өткен тақырыптақ топтардағы туған жердің болмысын интерпретациялаған. Сондықтан да концептілік жүйені өте күрделі құ-

рылым деп есептейміз. Бұл құрылымға адам санасындағы, адам танымындағы «дүниенің шындық болмысын» танытатын барлық бірліктер мен таңбалар, оқиғалар мен ситуациялар енеді. В.А.Маслова концепт құрылымын былай жүйелейді: «Біріншіден, дүниенің мәдени белгілерін танытатын бастапқы көзі, яғни этимологиясы; екіншіден, сол дүниенің тарихи өміріндегі, мағыналық дамуындағы жаңа мәнге ие болған белгілері; үшіншіден, қазіргі сол дүние туралы ассоциациялар мен бағалауыш мәндер, коннотациялар көрінісі жатады» [1, 40 б.].

«Туған жер» концептісінің семантикалық өрісін анықтауда, ең алдымен, олардың өзегін анықтайтын сөзге, яғни базалық концептілерге назар аударылды. Сол базалық концептілер арқылы, яғни өзек сема (ядро) арқылы бірте-бірте концептілер тізбегін түздік. «Туған жер» концептісінің өзек семасы – «адам». «Туған жер» концептісінің тақырыптық топтарына өзек болған нысан «адам», адамның өмір сүрген, мекен еткен ортасы. Туған жерге қатысты бірнеше тақырыптық топтағы концептілердің мән-мағынасынан адам мен оның айнала қоршаған әлеммен байланысын көруге болады. Адам концептісінің кез келген тақырыпқа өзек сема бола алатындығы турасында қазақ фразеологиясында мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілерін зерттеген ғалым Г.Смағұлова: «Қазақ фразеологиясында мағыналас қатарлардың топтарын антропоцентрлік және тілдегі адамдық фактор тұрғысынан фразеосемантикалық өзгерістерге жіктеуге болады. Бұл ретте мағыналас қатарларды алды-